

PHILIPS

Тасымалы радио

2000 қатары

R2506



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2
	Құлақтандыру	2
2	Тасымалы радио	3
	Кіріспе	3
	Қораптағы заттар	3
	Тасымалы радионы шолу	3
3	Іске кірісу	4
	Батареяларды орнату	4
	Қуатты жалғау	4
4	FM/MW радиосын тыңдау	5
	Радио станцияларға реттеу	5
	Дыбыс деңгейін реттеу	5
	Құлаққапты жалғау	5
5	Өнім туралы ақпарат	6
6	Ақаулықтарды жою	6

1 Маңызды

Қауіпсіздік

- Осы нұсқауларды оқып шығыңыз.
- Барлық ескертулерді сақтаңыз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Қандай да бір желдету тесігін жаппаңыз.
- Өндіруші нұсқауларына сәйкес орнату керек.
- Жылытқыштар, жылыту регистрлері, пештер немесе жылу шығаратын басқа жабдықтар (оның ішінде күшейткіштер) сияқты кез келген жылу көздерінің жанына орнатуға болмайды.
- Қуат кабелін, әсіресе айыр, розетка және тасымалы радиодан шығатын жер маңында басылудан немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Өндіруші көрсеткен қосымшаларды/ аксессуарларды ғана қолдануға болады.
- Күн күркіреген кезде немесе ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде, осы жабдықты қуаттан ағытып қойыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсету мамандарына тапсыру қажет. Жабдыққа кез келген түрде зақым келгенде, мысалы қуат кабелі немесе айыр зақымдалғанда, жабдыққа сұйықтық төгілгенде немесе оның ішіне бір нәрсе түсіп кеткенде, жабдық жаңбыр астында қалғанда не оған ылғал әсер еткенде, дұрыс жұмыс істемегенде немесе жерге түсіп кеткенде, жабдыққа қызмет көрсету қажет болады.
- Батарея қолданысына қатысты **САҚТЫҚ** ескертуі - батареядан сұйықтық ағып шығып, жарақатқа, мүліктің зақымдалуына немесе тасымалы радионың зақымдалуына себеп болуына жол бермеу үшін:
 - Барлық батареяларды дұрыс орнатыңыз, + және - белгілері құрылғыда көрсетілген.
 - Құрылғы ұзақ уақыт қолданылмайтын болғанда, батареяларды шығарып қойыңыз.
 - Батареяға күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу көздерінің әсер етуіне мүмкіндік бермеу керек.
- Тасымалы радиоға сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Кез келген қауіп көздерін тасымалы радио үстіне қоймаңыз (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жанып тұрған шамдар).

Құлақтандыру

Осы құрылғыға MMD Hong kong Holding Limited анық мақұлдамаған өзгертулерді енгізу салдарынан пайдаланушы өнімді пайдалану рұқсатының күшін жоюы мүмкін. Осы құжатпен TP Vision Europe B.V. компаниясы осы өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: www.philips.com/support.



Бұл өнім Еуропа Қауымдастығының радио кедергілерге қатысты талаптарына сәйкес келеді.



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Бұл белгі өнімді тұрмыстық қоқыс ретінде тастауға болмайтынын және қайта өңдеу үшін тиісті жинау орталығына тапсырылуы тиіс екенін білдіреді. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және қайта зарядталатын батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.



Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестіріңіз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.

2 Тасымалы радио

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips өлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: www.philips.com/support.

Кіріспе


Осы тасымалы радиомен мыналарды істеуге болады

- FM/MW радиосын тыңдау

Қораптағы заттар



Қаптамадағы заттарды тексеріп, оларды анықтаңыз:

- Негізгі құрылғы
- Қуат кабелі
- Қысқаша нұсқаулық
- Қауіпсіздік парақшасы
- Кепілдік



Тасымалы радионы шолу

- ① **Телескоптық антенна**
– қабылданатын FM сигнал күшін жақсартады.
- ② **TUNING**
– FM/MW режимінде станцияны дәл реттейді.
- ③ **Дыбыс деңгейі/Қосу-өшіру**
– құрылғыны қосады.
– дыбыс деңгейін реттейді.
- ④ **TONE**
– ЖАҢАЛЫҚТАР немесе МУЗЫКА режимін таңдайды.
- ⑤ 
– 3,5 мм құлаққап ұясы.
- ⑥ **Band таңдағышы**
– диапазонды таңдайды: FM немесе MW.
- ⑦ **Батарей бөлігі**
- ⑧ **AC IN**
– 220-240 В 50-60 Гц.



3 Іске кірісу

Осы тараудағы нұсқауларды әрдайым ретімен орындаңыз.


Батареяларды орнату



Сақ болыңыз


- Жарылу қаупі! Батареяларды жылудан, күн сәулелерінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастауға болмайды.
- Батареялардың ішінде химиялық заттар бар, сондықтан оларды тиісті түрде тастау қажет.
- Батарея түрлерін араластыра қолдануға болмайды: мысалы, сілтілі батареяны көмір-цинк батареясымен бірге. Құрылғыда бір батарея түрін ғана қолданыңыз.

2 x 1,5 В R20/UM1/D батареясын (бірге берілмейді) тиісті полярлықтарын (+/-) ескере отырып, суретте көрсетілгендей салыңыз.



Ескертпе

- Түрі басылған тақтайша тасымалы радионың түбінде орналасқан.



Қуатты жалғау

Бірге берілген АТ кабелін мыналарға жалғаңыз:

- негізгі құрылғыдағы АТ кіріс ұясы.
- розетка.



Сақ болыңыз

- Өнімге зақым келу қаупі бар! Қуат кернеуі тасымалы радионың артында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі! Қуат кабелін ағытқан кезде, айырды ұстап тартыңыз. Кабельді ұстап тартуға болмайды.

4 FM/MW радиосын тыңдау



Ескертпе

- Кедергілер болмауы үшін тасымалы радионы басқа электрондық құрылғылардан аулақ ұстаңыз.
- Қабылданатын сигнал сапасы жоғарырақ болуы үшін FM антеннасын толығымен созып, оның орнын реттеңіз.

Радио станцияларға реттеу

- 1 Құрылғыны қосу үшін Дыбыс деңгейі/Қосу-өшіру дөңгелегін бұраңыз.
- 2 Диапазон таңдағышын FM немесе MW диапазонына орнатыңыз.
- 3 TUNING дөңгелегімен станцияны таңдаңыз.
- 4 Радионы өшіру үшін Дыбыс деңгейі/Қосу-өшіру дөңгелегін OFF қалпына бұраңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейі/Қосу-өшіру дөңгелегімен дыбысты реттеңіз.

Құлаққапты жалғау

Құлаққапты құлаққап ұясына жалғауыңызға болады.

-> Динамиктер одан кейін өшіріледі.

5 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Қуат

Батарея түрі	D ӨЛШЕМІ (LR20)
Батарея кернеуі	1,5 В
Батареялар саны	2
АТ кірісі	220-240 В 50–60 Гц

Тюнер/қабылдау/тарату

Тюнер диапазондары	FM 88–108 МГц MW 530–1600 кГц
-----------------------	----------------------------------

Дыбыс

Дыбыс жүйесі	Моно
Дыбыс деңгейін басқару элементі	Дөңгелек (аналогтық)
Шығыс қуат	300 мВт RMS

Жалғау мүмкіндіктері

Аудио/бейне шығысы	Құлаққап (3,5 мм)
--------------------	-------------------

Жалпы ақпарат

Өлшемдері (Е x Б x Т)	210 x 149 x 67 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	668,4 г

6 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Құрылғы корпусын алып тастауға болмайды.

Кепілдік күшін сақтауы үшін құрылғыны өз қолыңызбен жөндеуге әрекет жасаушы болмаңыз.

Осы құрылғыны қолдану кезінде мәселелерге тап болсаңыз, қызмет көрсетуге тапсырыс бермес бұрын, төмендегі жағдайларды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб бетіне кіріңіз (www.philips.com/support). Philips компаниясына хабарласқан кезде, құрылғы жаныңызда тұрғанына және модель нөмірі мен сериялық нөмірін көре алатыныңызға көз жеткізіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат айыры дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Батареялар таусылған/қисық салынған болуы мүмкін. -> Батареяларды (жаңа) дұрыс салыңыз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құлаққап құрылғыға жалғанып тұрғанын тексеріңіз. Солай болса, құлаққапты ажыратыңыз.

Қабылданатын радио сигнал күші нашар

- Антеннаны толығымен созып, оның орнын реттеңіз.



Өндіруші: «ММД ГОНКОНГ ХОЛДИНГ ЛИМИТЕД» помещения 1006, 10 этаж, Международный центр С-Бонс, 108 Вай Ип Стрит, Куньтхон, Коулун, Гонконг.

Ресей және Еуразия экономикалық одақтың территориясында импортшысы: «Ти Пи Ви Си-Ай-Эс» ЖШҚ Ресей Федерациясы, 196626, г. Санкт-Петербург қ. Шушары ауылы, Мәскеулік ш., 177, лит А.

Сақтау шарттары: қоршаған ортаның климаттық факторларының қалыпты мөлшерлерінде стандартты.



W/Ш/Е 235мм
H/Б/Б 195мм
D/Г/Т 90мм

Брутто салмағы: 0.944 кг
Таза салмақ: 0.67кг
Қытайда жасап шығарылған.

2021 © MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған. Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілгері ретінде әрекет етеді.